

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті және Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының «6D020300 –Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Ақынова Айгерим Пернебековнаның «Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңіндегі Византия империясының ішкі және сыртқы саясаты (IV-VII ғғ.)» тақырыбындағы диссертациясына

ПІКІР

Жаңа әлемдік тәртіптің қалыптасуы жағдайында қазіргі уақытта мемлекеттердің экономикалық, әлеуметтік дамуы өзгеріске ұшырауымен қатар, білім мен ғылым саласы да елеулі өзгерістерге ұшырап жатыр. Бүгінгі ғылым саласындағы зерттеушілер алдында осыған дейінгі отандық тарихнамада орнығып үлгірген формациялық ұстанымнан бас тартып, тарихи мәселелерді жаңаша көзқараспен қарастыру қажеттілігі туындап отыр. Бұл өз кезегінде тарихшыларды қоғамның тарихи дамуын терең бағалауға кірісуді, жаңа тұжырымдамаларды жазуды міндеттейді. Дүние жүзі тарихының өзекті мәселелерін, соның ішінде Еуропа аумағындағы алып империя болған Византия империясының ішкі және сыртқы саясатын зерттеу қазіргі Қазақстан Республикасының тарих ғылымында маңызды орын алады. Егемен мемлекет ретінде еліміз адамзат тарихын әлемдегі жаһандану және интеграция үрдісіне ерекше көңіл аударуы қажет.

IV ғ. екінші жартысынан түркі-ғұндар бастаған Ұлы қоныс аудару қозғалысы тұтас Еуропаның әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық өміріне өзгерістер алып келді де, Еуропада жаңа қоғамдық қатынастардың қалыптасуына, бірте-бірте мемлекеттердің де пайда болуына да өз әсерін тигізді. Бұл процесс әлем тарихында көптеген мемлекеттер мен халықтардың, ұлттар мен ұлыстардың тарихына үлкен өзгерістер әкелді.

Осыған байланысты Ақынова Айгерим Пернебековнаның «Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңіндегі Византия империясының ішкі және сыртқы саясаты (IV-VII ғғ.)» атты диссертациялық жұмысы қазіргі таңдағы гуманитарлық ғылымдар саласында туындап отырған аса өзекті мәселелердің біріне арналған. Бұл жұмыста IV ғасыр мен – VII ғасыр аралығындағы Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңіндегі Византия империясының ішкі және сыртқы саясаты жан-жақты зерттеу назарға алынды.

Диссертациялық жұмыстың жоспары бірізді, логикалық тұрғыда нақты көрсетілген. Зерттеудің құрылымы: кіріспеден, үш тараудан, тараушалардан және қорытындыдан тұрады.

Зерттеу жұмысының бірінші бөлімінде IV-VII ғасырлардың бірінші жартысындағы Шығыс Рим империясындағы қоғам және мемлекеттің дамуы талданады. Сондай-ақ Византия империясының дамуында елеулі өзгерістерге әкелген Юстинианның реформаларына тоқталады. А.П.Ақынова Ұлы қоныс аудару дәуірінде ішкі саяси жағдайдың құбылуына сыртқы саяси факторлар ерекше ықпал еткендігін анықтайды. Ол көрші халықтармен, мемлекеттермен, империялармен байланыстар орнатуда, соғыстар жүргізуде Византия өзінің

сыртқы саясатты басқарудың алдыңғы қатарында тұрған мемлекет ретінде көрсеткендігі туралы қорытындылайды.

Екінші тарауда Ұлы қоныс аудару кезеңі түсігіне талдау жасалынып, осы дәуірдегі Византия империясы және ғұндар мен аварлардың дамуын талқылап, жаңа тұжырымдар жасаған. Сонымен қатар Еуразияда Халықтардың Ұлы қоныс аудару процесінің бастамашысы болған ғұндардың бұл аймаққа қалай келгені туралы хронистердің, соның ішінде латын тіліндегі еңбектері сарапқа салынды. Аталған тарауда диссертант Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Византия империясының сыртқы саяси өмірінде елеулі түрде әсер еткен Авар қағанаты Еуропадағы келесі бір түркілердің құрған мемлекеті ретінде танылғандығы жөнінде маңызды қорытындыға келді.

“IV-VII ғғ. Византияның сыртқы саясатының негізгі бағыттары” атты үшінші тарауда Византия мен түркі қағанатының байланыстары, Византия және парсылар арасындағы қарым-қатынастар, Шығыс Рим империясы мен славяндардың қарым-қатынастары қарастырылып, талданған. Бұл тарауда Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірі Еуразияда көптеген халықтардың саяси, этникалық, мәдени тарихын өзгертуге әсер еткен болса, ол өз кезегінде Византия сияқты ұлы мемлекеттің саяси тағдырына елеулі түрде әсер еткендігі туралы қорытынды жасалады. Осы ойдың дәлелі ретінде Византияның түркі қағанаты, парсылар және славяндармен байланыстары жан-жақты талданады.

Қорытынды бөлімінде диссертация жұмысының жалпы қорытындылары мен қол жеткізілген нәтижелер пайымдалған, сонымен бірге зерттеу бағдарлары айқындалып, ұтымды ұсыныстар жасалған.

Диссертациялық жұмыста отандық тарих ғылыми айналымына еңбеген құнды деректер мен шетелдік зерттеулерді енгізіп, көптеген мәселелерге жаңаша баға берілді. Жалпы, диссертант бұл жұмысты жақсылап атқарып шыға алды, зерттеу жұмысын жазуда материалдарды барынша толыққанды игере алатындығын байқатты.

Сонымен қатар, докторант Ақынова осы бірнеше жылдық ғылыми жұмысымен бірге әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ұстаздық қызметті қатар атқарып жүрді. Бұл тәжірибе оның ғылыми біліктілігі деңгейінің де артуына ықпал етті.

Докторант А.П. Ақынова диссертациялық зерттеу жұмысы барысында Рим қаласындағы Ла-Сапиенза университетінде шетелдік тағылымдамадан өтті (2016 ж.). Оның барысында докторант диссертациялық зерттеуге өте қажетті сирек кездесетін латын және қазіргі Еуропа тілдердегі материалдарды қарастырып, диссертацияда қолданды. Осының нәтижесінде бірқатар ғылыми жаңалықтарға қол жеткізді. Демек, отандық тарихнамада алғаш рет Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңіндегі Византия империясының ішкі және сыртқы саясаты (IV-VII ғғ.) дамуын ашып көрсетті. Диссертацияда Халықтардың Ұлы Қоныс аудару қозғалысының өзі жаңа тұрғыдан қарастырылып, толықтырылды. Сонымен қатар, Византия империясының Халықтардың Ұлы қоныс аударуына негіз қалаған Еуразияның далалық

тайпаларымен, тайпалық одақтармен және осы кезеңде өмір сүрген Шығыс мемлекеттерімен саяси байланыстары ғылыми талдауға түседі.

Докторант А.П.Ақынова зерттеу жұмысының ғылыми мәселелері мен оның негізгі тұжырымдары бойынша ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен ғылыми журналдар мен шетелдік және отандық ғылыми конференциялардың жинақтарында жалпы саны 11 ғылыми мақала жарияланды. Соның ішінде ҚР БҒМ БҒСБК бекіткен басылымдарда 4 мақала, халықаралық конференция жинақтарында 5 баяндама (оның ішінде алыс шетелде –2 (Мәскеу, Новосибирск; Украина, Киев), шетелдерде жарияланатын басылымдар екі мақала «Scopus» халықаралық деректеме базасына енетін басылымдарда шықты.

Қорытындылай келе, диссертациялық жұмыс толық аяқталған зерттеу нәтижесі ретінде белгіленген талаптардың барлығына жауап беретіндіктен, Ақынова Айгерим Пернебековна 6D020300 – “Тарих” мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ғылыми жұмысын қорғауға жіберуге лайық деп санаймын.

Отандық ғылыми кеңесші:
әл-Фараби атындағы
Қазақ Ұлттық университеті,
Дүние жүзі тарихы, тарихнама және
деректану кафедрасының профессоры,
тарих ғылымдарының докторы,
ҚР ҰҒА құрметті академигі,
РҒЗО-ның директоры
Геттинген университетінің
профессоры

Қ.Т. Жұмағұлов

29 қараша 2018

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды
тәяярлеу және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
РЕ Кудайбергенова

